

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155  
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті  
Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 189 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155  
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті  
Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

"Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155

Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградалардың тізбесінде және сипаттамаларында:

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесінде:

"Медальдар:" деген бөлімде:

10-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) I, II дәрежелі "Ел қорғаны" ("Зашитник Отечества").";

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының сипаттамаларында (бұдан әрі – Сипаттамалар):

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің медальдары" деген бөлім мынадай мазмұндағы кіші бөлімдермен толықтырылсын:

"I дәрежелі "Ел қорғаны" (54-1-қосымша)

I дәрежелі "Ел қорғаны" медалі алтын жалатылған сары түсті металдан дайындалады және диаметрі 42 мм он сәулелі айышықты жұлдыз нысанында болады. Медальдағы бейнелер – бедерлі. Медаль аверсінің ортасында – қызыл түстің аясында "ЕЛ ҚОРҒАНЫ" деген жазуы бар төменгі бөлігінде лента өткізілген лавр бұтақтарымен көмкерілген шеңбер. Шеңбер көгілдір түсті эмальмен боялған. Шеңбердің ортасында өткір жүзі жоғары қаратылып айқастырылған семсерлер аясында қалқан орналасқан, онда алқызыл аяда танк, ұшақ, корабль және десанттық әскерлер эмблемалары бейнеленген Қазақстан Республикасының картасы сұлбасының бейнесі бар. Жұлдыз сәулелерінің сәнді ұштары ұлттық ою-өрнек элементтерімен өрнектелген. Сәулелердің фрагменттері көк түсті эмальмен боялған. Бес сәуледе диаметрі 2 мм жасанды тастар орнатылған.

Медальдың реверсінде бедерлі бейне бар. Ортасында бес жолға "I; ДӘРЕЖЕ; ОТАНЫНДЫ СҮЙ; ХАЛҚЫНА; ҚЫЗМЕТ ЕТ" деген жазу орналасқан. Жазу шеңберін айналдыра "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ" деген жазу орналасқан.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы ені 32 мм және биіктігі 50 мм алты бұрышты тағанға бекітіледі. Таған ені 10 мм болатын сол жақ жиегінен қошқыл жусан түстес, оң жақ жиегінен қошқыл көк түсті, ортасында ені 12 мм қошқыл көк түсті үш жолағы бар сарғыш түсті жолақтан тұратын тік жолақты қатқыл лентамен тысталады. Тағанның ортасында бастырылып жасалған Қарулы Құштердің эмблемасы орнатылады

Медаль киімге түйреуіштің көмегімен бекітіледі.

II дәрежелі "Ел қорғаны" (54-2-қосымша)

II дәрежелі "Ел қорғаны" медалі ақ түсті металдан дайындалады және диаметрі 42 мм он сәулелі айшықты жұлдыз нысанында болады. Медальдағы бейнелер – бедерлі. Медаль аверсінің ортасында – қызыл түстің аясында "ЕЛ ҚОРҒАНЫ" деген жазуы бар төменгі бөлігінде лента өткізілген лавр бұтақтарымен көмкерілген шеңбер. Шеңбер көгілдір түсті эмальмен боялған. Шеңбердің ортасында өткір жузі жоғары қаратылып айқастырылған семсерлер аясында қалқан орналасқан, онда танк, ұшақ, корабль және десанттық әскерлер эмблемалары бейнеленген Қазақстан Республикасының картасы сұлбасының бейнесі бар. Жұлдыз сәулелерінің сәнді ұштары ұлттық ою-өрнек элементтерімен өрнектелген. Сәулелердің фрагменттері көк түсті эмальмен боялған.

Медальдың реверсінде бедерлі бейне бар. Ортасында бес жолға "II; ДӘРЕЖЕ; ОТАНЫҢДЫ СҮЙ; ХАЛҚЫНА; ҚЫЗМЕТ ЕТ" деген жазу орналасқан. Жазу шеңберін айналдыра "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ ҚҰШТЕРІ" деген жазу орналасқан.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы ені 32 мм және биіктігі 50 мм алты бұрышты тағанға бекітіледі. Таған ені 10 мм болатын сол жақ жиегінен қошқыл жусан түстес, оң жақ жиегінен қошқыл көк түсті, ортасында ені 12 мм қошқыл көк түсті үш жолағы бар сарғыш түсті жолақтан тұратын тік жолақты қатқыл лентамен тысталады. Тағанның ортасында бастырылып жасалған Қарулы Құштердің эмблемасы орнатылады

Медаль киімге түйреуіштің көмегімен бекітіледі.";

Осы Жарлыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Сипаттамаларға 54-1 және 54-2-қосымшалармен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларымен марапаттау (ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

"3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздері" деген бөлімде:

"Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалі" деген кіші бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Ел қорғаны" медалі

44-1. "Ел қорғаны" медалімен:

әскерлерге басшылық жасауда және қойылған міндеттерді орындауда, оку-жаттығуларда, жауынгерлік кезекшілікті атқару кезінде, жаңа жауынгерлік және арнайы техниканы менгеруде, қару-жарақ пен әскери техниканы ұдайы жауынгерлік әзірлікті қамтамасыз ету жай-күйінде ұстауда, қолбасшылықтың арнайы (жедел) тапсырмаларын орындау кезінде, жұмылдыру даярлығында, әскери-патриоттық, педагогикалық, ғылыми-зерттеу, емдеу және өзге де әскери (әскери-қолданбалы) қызметте, мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде әскери мамандықты менгеруде ерекше көзге түсkenі үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін, әскери қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталады.

44-2. "Ел қорғаны" медалі екі дәрежеден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін, әскери қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлер құрамы мен Қазақстан Республикасының азаматтарын марапаттауға – I дәрежелі "Ел қорғаны" медалі;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сержанттар және сарбаздар құрамдарының әскери қызметшілерін марапаттауға – II дәрежелі "Ел қорғаны" медалі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

H.Назарбаев


Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы  
№ Жарлығына  
1-ҚОСЫМША  
Сипаттамаларга  
54-1-қосымша

I дәрежелі "Ел қорғаны" медалі




Қатқыл лента  
 Жылтыр бедер  
 Көгілдір эмаль  
 Қызыл эмаль  
 Жасанды тастар  
 Көк эмаль

Аверс



Реверс



Президенттің  
 2017  
 №  
 2-ҚОСЫМША


54-2-қосымша  
 II дәрежелі "Ел қорғаны" медалі

Казақстан

Республикасы

жылғы  
 Жарлығына

Сипаттамаларға



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК